



010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Орынбор к., 8-үй, 12-кіреберіс
тел.: 74-17-87, факс: (7172) 74-19-49, kensekds@minregion.gov.kz

010000, город Астана, Есильский р-н, ул. Орынбор, д.8, подъезд 12
тел.: 74-17-87, факс: (7172) 74-19-49, kensekds@minregion.gov.kz

2014 ж. 15.04. № 21-04-14/ЮЛ-337

КІРІС № 2337
« 16 » 04 20 14 ж.
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АСТАНА ҚАЛАСЫ
«АСТАНА СУ АРНАСЫ»
МЕМБЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ
КӨСІПОРЫНЫ
АСТАНА Қ. АВАН Қ.А.Т.Б., 103
ҮНДЕР: 010008

«Астана су арнасы» МКК

2014 жылғы 10 сәуірдегі № 18-10/2166 хатқа

Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті суды есептеу құралдарына қойылатын талаптарды түсіндіру туралы хатты қарап, мынағы хабарлайды.

Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық істері агенттігі (бұдан әрі – Агенттік) тұрғын үйлердің пәтерлерінде, сондай-ақ орталықтандырылған сумен жабдықтау жүйесіне қосылған бұрынырақ жеке салынған елді мекеннің тұрғын үйлерінің тұрмыстық тұтынушыларының суық және ыстық суды есептеу құралдарын алғаш орнату мен ауыстыруына қойылатын талаптарға қатысты «Астана су арнасы» МКК мекенжайына 2012 жылғы 12 қаңтардағы № 6-1/165 хатымен тиісті түсіндірме берген болатын, кейін олар Агенттіктің 2012 жылғы 28 сәуірдегі № 167 бұйрығымен бекітілген Сумен жабдықтау және су бұру жүйелеріндегі коммерциялық есепке алу құралдарын таңдау, монтаждау және пайдалану жөніндегі әдістемелік нұсқауларға (бұдан әрі – Әдістемелік нұсқаулар) негіз етіп алынған. Бұл жағдайда суды есептеу құралдарының көрсеткіштерін қашықтықтан шешу мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс, яғни кемінде импульсті шығу жолымен (радиомодульсіз) жабдықталған болуға тиіс, ал суық суды есептеу құралы тік орнатылса, ол ең жоғары метрологиялық санатқа сәйкес келуге тиіс, өйткені, суды есептеу құралы көлденең күйде орнатудан ауытқуы метрологиялық санаттың кемінде бір деңгейге төмендеуіне алып келеді.

Сонымен қатар, Агенттік осы хатпен заңды тұлғалардың объектілерін су тұтыну жүйелеріне қосатын суды есептеу құралдарын алғаш орнатуға қойылатын талаптар, оның ішінде құрылыс салушыларының тұрғын үйлерді пәтерлер бойынша суды есептеу құралдарымен жабдықтауы, сондай-ақ Әдістемелік нұсқауларға енгізілген жеке салынған тұрғын үйлерді есептеу құралдарымен жабдықтау бөлігінде түсіндірме берген. Сондықтан, аталған жағдайда суды есептеу құралдарының көрсеткіштерін қашықтықтан шешуді

қамтамасыз етуге тиіс – радиомодульдермен жабдықталып, тік орнату кезінде суық суды есептеу құралдары үшін ең жоғары метрологиялық санатқа сәйкес болуға тиіс.

Суды есептеу құралдарына, оларды тұтынушылар - заңды тұлғалар, жеке кәсіпкерлер ауыстыру кезінде қойылатын талаптарға қатысты «Ғимараттар мен құрылыстардың ішкі су құбыры мен кәрізі» ҚР ҚН 4.01-02-2011 5.12-тармағын ескеру қажет, яғни ауыстыру жүзеге асырылатын есептеу құралдарының көрсеткіштерін қашықтықтан шешуді қамтамасыз етуге тиіс - радиомодульдермен жабдықталып, тік орнату кезінде суық суды есепке алу аспаптары үшін ең жоғары метрологиялық санатқа сәйкес болуы тиіс.


ҚР ҚН 4.01-02-2011 5.12-тармағындағы бірінші абзацтың шарттары үшінші абзацтың талаптарына қойылған жалпы жағдай сияқты тек қосымша болып табылады, яғни үшінші абзацтың есептеу құралдарына қойылатын талаптар құрылыс кезеңіне (жобалау, құрылыс, кеңейту, жаңғырту және т.б) байланысты емес. Сондай-ақ, «Құрылыс терминологиясы» ҚҚНЖЕ 4.01-32-2005 «күрделі жөндеу», «тұрғын үйді қайта салу», «жаңғырту» терминдерінің анықтамасын ескере отырып, есептеу құралын орнату түсінігі, оның ішінде табиғи тозу салдарынан оларды ауыстыру жөніндегі қызметке енеді.

Агенттіктің 2011 жылғы 26 қыркүйектегі № 354 бұйрығымен бекітілген Сумен жабдықтау және су бұру қызмет көрсетулерінің көлемдерін есептеу әдістемесінің 10-тармағына келсек, ондағы метрологиялық талаптар коммерциялық есепке алынатын, яғни тұтынушының санатынан, ғимараттың құрылыс кезеңі мен орнату түріне – алғаш орнату немесе ауыстыруға қарамастан, әрбір суды есептеу құралы үшін белгіленген.

Төрағаның орынбасары



М. Марайым



ГКП «Астана су арнасы»

На № 18-10/2166 от 10 апреля 2014 года

Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства регионального развития Республики Казахстан, рассмотрев Ваше письмо о разъяснении требований к приборам учета воды, сообщает следующее.

Относительно требований к первичной установке и замене приборов учета холодной и горячей воды в квартирах существующих жилых домов, а также в ранее подключенных к централизованной системе водоснабжения населенного пункта жилых домах индивидуальной застройки бытовым потребителям Агентством по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Республики Казахстан (далее – Агентство) письмом от 12 января 2012 года № 6-1/165 в адрес ГКП «Астана су арнасы» уже давались соответствующие разъяснения, которые в последствие были положены в основу Методических указаний по выбору, монтажу и эксплуатации коммерческих приборов учета в системах водоснабжения и водоотведения, утвержденных приказом Агентства от 28 апреля 2012 года № 167 (далее – Методические указания). В данном случае приборы учета воды должны обеспечивать возможность дальнейшего дистанционного снятия показаний – то есть, оснащены, как минимум импульсным выходом (без радиомодуля), а для приборов учета холодной воды при вертикальной установке соответствовать максимальному метрологическому классу, так как установка прибора учета с отклонением от строго горизонтального положения приводит к снижению его метрологического класса, как минимум на один уровень.

Кроме того, Агентством тем же письмом были даны разъяснения в части требований к установке приборов учета воды при их первичной установке в подключаемых системах водопотребления объектов юридических лиц, в том числе оснащение застройщиками приборами учета

воды жилых домов поквартирно, а также системах водопотребления жилых домов индивидуальной застройки, которые также были внесены в Методические указания. Соответственно, в данном случае приборы учета воды должны обеспечивать дистанционное снятие показаний - оснащены радиомодулями и для приборов учета холодной воды при вертикальной установке соответствовать максимальному метрологическому классу.

Относительно требований к установке и самим приборам учета воды при их замене потребителями - юридическими лицами, индивидуальными предпринимателями необходимо учитывать требования пункта 5.12 СН РК 4.01-02-2011 «Внутренний водопровод и канализация зданий и сооружений», то есть приборы учета воды, которыми осуществляют замену, должны обеспечивать дистанционное снятие показаний - оснащены радиомодулями и для приборов учета холодной воды при вертикальной установке соответствовать максимальному метрологическому классу.

В пункте 5.12 СН РК 4.01-02-2011 условия первого абзаца являются только дополнительными, как общий случай к требованиям третьего абзаца, то есть требования к приборам учета третьего абзаца не зависят от строительной стадии (проектирование, строительство, расширение, модернизация и т.д.). Более того, с учетом определений терминов «капитальный ремонт», «реконструкция жилого дома», «модернизация» СНиП РК 1.01-32-2005 «Строительная терминология» в понятие установка приборов учета также входит в деятельность по их замене, в том числе по причине физического износа предыдущего прибора.

В отношении пункта 10 Методики расчета объемов предоставленных услуг водоснабжения и водоотведения, утвержденной приказом Агентства от 26.09.2011г. №354, метрологические требования в нем установлены для любого прибора учета воды, допускаемого в коммерческий учет, то есть также вне зависимости от категории потребителя, строительной стадии здания и от вида установки – первичной или при замене.

Заместитель председателя



М. Мараим